

Түркістан облысы
Қазығұрт ауданы
Адами әлеуетті дамыту орталығы
«Алтын сақа» бөбекжай-балабақшасы



Тәрбиешілер: Аблаева Г.

Құрбаналиева Г.

Алтын күз

Жүргізуші:Қарсы алайык бәріміз

Жасымызбен кәріміз

Қырдан кепті қыдырып

Алтын күз бізге нұр беріп

Армысыздар құрметті ата-аналар,ұстаздар және « Ақбота»тобының бүлдіршіндері. Бүгінгі күз мезгіліндегі ең тамаша «Алтын күз» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер. Ел байлығын арттырған, сары алтындай сары күз бізге дәмді жемістерін, қамбаға толы астығын сыйлады . Ендеше « Алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастаймыз



Жүргізуші:Қарсы алайык бәріміз

Жасымызбен кәріміз

Қырдан кепті қыдырып

Алтын күз бізге нұр беріп

Балалар хормен : Шаршауды білмейміз

Көңілді би билейміз

Әсем сазды ән салып

Би билеуге дайынбыз

Жүргізуші : Қызыл жасыл,сары алтындай
Жапырақтар күздің көркі
Ән салайық ,би билейік
Күз әніне қосыла – деп сіздердің құрметтеріңізге
«Күз жомарт» әнін тыңданыздар.
Жүргізуші: Балдырғандар бүгінгі
Еркелігін тастайды
Күз туралы сіздерге
Тақпақтарын бастайды – деп өлең шумақтарына кезек береміз.

Нұрым: Күздің қазан айында
Алма,алмұрт піседі
Жапырақтар сарғайып
Сыбдыр,сыбдыр түседі
Еркеназ: Күн суытып жапырақтар түседі
Астық жеміс жиылды
Қамбаға құйылды



Ердәулет: Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді
Жемістерін жинауға

Шақырады біздерді
Айғаным: Жемісі мол теретін
Күз дос екен бізбенен
Бәрін тауып беретін
Жомарт екен күз деген

Нұрахмет: Көбейді құт береке
Астық толы қамбамыз
Құтты болсын мереке
Алтын күзді тойлаймыз
Айзере: Алтын,сары, қызыл,көк
Алуан-алуан жапырақ
Күзгі бақта күлімдеп
Көз тартады атырап
Алдияр: Қуандырып бізді
Кел жемісті алтын күз
Өлкемізге күз келді
Кемелденсін халқымыз

Өркен: Алтын ,сары,қызыл, көк
Алуан,алуан ,жапырап
Ағаштардан жамырап
Ұшты кенет жапырақ
Жүргізуші : Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр , сендер бұл жұмбақтың шешуін тапсаңдар біздің көптен күткен қонағымыз келеді.
Ендеше сендер дайынсыңдар ма?

Балалар: Әрине дайынбыз.
Жүргізуші: Көк майсалы көрікті
Алқап тола көп егін
Бұл күндері киіпті
Сары жібек көйлегін . (Күз)

Жапқандай жапырағымен айналаны
Қуантып байлығымен халқымды
Бір қуантып қайту үшін біздерді
Сабырлы ,сарыалтынкүзкелді.
Балалар хормен: Бізсіздікүтудемізалтынкуз

Күзханшайымыкеледі .

Сәлеметсіңдермебалалар, сендербүгінқандайәдеміболыпкеткенсіңдер.

Менсендердіңөнерлеріндітамашалауғакелдім.

Жүргізуші: Сәлеметсізбекүзханшайымыкеліңіз,
төрлетіңізбіздіңөнерлібалаларымыздыңөнерлерін тамашалаңыз.

Албалаларөнеріміздікөрсетугедайынбызба ?

Күзханшайымы : Рахметбалаларменбүгінөзімменбірге Қыркүйек,
ҚазанқызымменҚарашаұлымдыалыпкелдім.

Меніңұлқыздарымкүркелгенжоқсендергеөздерініңәндеріндайындапкелді.

Қанебалаларменің Қыркүйек , Қазан , Қарашамныңәнінтыңдандар
Қыркүйек , Қазан , Қарашаәнайтады.

Жүргізуші : Қандай тамашаәнбалаларсендергеұнады ма ?

Балалар : Ұнадыкереметән.

Ойын ата-аналармен «Көкөністер мен жемістерден» ойыншықтар жасау.

Жүргізуші: Ән салыңдар күліңдер

Жайнап гүлдей жүріңдер

Күздің тойын тойлайық

Би билейік ойнайық-деп Айжан мен Еркеназ қыздарымыздың « Алтын
күз» әні мен биші қыздарымыздың «Лента» биін қарсы алыңыздар.

Жүргізуші: Ерте ерте ,ертеде

Бау-бақшасы көп өлкеде

Көкөністер жиналып

Үлкен айтыс құрыптыКөкөністер туралы өлең шумақтарына кезек береміз.

Жүргізуші: Жемістерді тердіңбе ?

Мұндай жеміс көрдің бе ?

Жемістердің айтысын

Ал тыңдайық кел бірге-деп « Жемістер» өлең шумақтарын тыңдаңыздар.

Пісіп тұрған алмамын

Жасмин: Тамсандырар бал дәмін

Жерге сілкіп түсірме

Ісіп кетер маңдайын

Абдез: Мен өрікпін ірімін

Алма,алмұртқа інімін

Дастарханның гүлімін

Сусыныңды қандырар

Салкын саумал шырынмын



Қымбат: Мен моншақты шиемін
Құмарсыңдар білемін
Кетіп қалып жүрмесін
Тамағыңа сүйегін
Ақбаян: Тіл үйірген алмұртпын
Таңсығымын бар жұрттың
Жаксы өсіре алмайды
Қараса егер салғырт кім

Жүргізуші: Қызыға біз қараймыз
Бүлдіршіндерге бүгінгі
Көрейікші көрермендер
«Жұп» биін тамашалап-деп « Жұп» биіне кезек береміз
Жүргізуші: Ал балалар тұрмайық
Би билейік бәріміз
Алтын күзде бүгінгі
Тамшылар биі



Күз ханшайымы: Балалар мен сендердің өнерлеріне риза болдым, қош сау болыңдар .

Шат көңілді балалар

Шаршағанды білмейді

Алтын күз туралы

Мақал-мәтел айтады-деп күз туралы мақал- мәтелге кезек берейік.

Нұрайша: Көктемде жерге түскен бір дән

Күзде мың дән болады.

Айсұлтан: Егіндікті күз суғар

Күзде суғарсаң жүз суғар.

Нұрым: Күз келсе ,бақыт келер ырыспенен.

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар ,ұстаздар. Берекелі мерекелі жомарт күздің сыйлаған сыйы,әрбір отбасының ақ дастарханынан арылмасын еліміз аман заманымыз тыныш болсын. Бүгінгі « Алтын күз» ертеңгілігімізді көңіл қойып тыңдағандарыңызға, алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп –көп рахмет. Қош сау болыңыздар.